

*Медициналық этика , деонтология және биоэтика. Мейірбике ісіндегі қарым-қатынас*



foksin

## *Медициналық қызмет этикасы*

Медициналық этика ( лат. ethica, грек тілінен алғанда ethice - адамгершілікті зерделеу), немесе медициналық деонтология ( грек deon- парыз; термин «деонтология» соңғы жылдардағы отандық әдебиетте кеңінен қолданылуда), - медицина қызметкерлерінің өз кәсіби міндеттерін орындау барысындағы қағидалар мен этикалық нормалар жиынтығы.

**Медициналдық этика** - өнегелі ғылым медицина қызметкерінің психоэмоцианалдық жағынан зерттеу пәні болып саналады.

**Биоэтика**-адамдар арасындағы өзара қарым-қатынаста туындайтын рухани және адамгершілік көзқарастар болып табылады.

**“Биоэтика”** немесе Өмір этикасы термин түсінігін **В. Р.Поттер 1969** жылы енгізген.

Медициналық этика үш негізгі бағыт бойынша тұлғаралық қарым-қатынастардың әртүрлі мәселелерін зерделейді және шешеді:



медициналық қызметкер – емделуші



медициналық қызметкер – медициналық қызметкер



медициналық қызметкер – емделушінің туысқандары

## *«Медбике-емделуші» арасындағы қарым-қатынастар:*



**Медициналық бике емделушімен сабырлы әрі ашық жарқын сөйлесуге міндетті. Дөрекі, тұрпайы немесе тым ресми сөйлесуге тыйым салынады. Науқастарға «Сіз» деп және аты мен әкесінің атын атап сөйлескен жөн.**

**Науқастың жанында тұрып оның диагнозын, емдеу жоспарын талқылауға, палатадағы өзге де науқастардың денсаулығын әңгімелеуге тыйым салынады.**

**Күрделі және ауырсындыратын емшараларды бастамас бұрын медбике осы емшаралардың мәнін, мағынасын және қажеттілігін түсінікті түрде науқасқа түсіндіруі және тыныштандыруы қажет.**

## «Медбике-дәрігер» арасындағы қарым-қатынастар:

Сұхбаттасу кезінде дөрекі сөйлесуге тыйым салынады;

Дәрігерлік тағайындаулар уақытында нақты, нақты және кәсіби орындалуы тиіс;

Науқастың денсаулық жағдайындағы кенеттен болған өзгерістер туралы дәрігерге жедел хабар берілуі тиіс;

Тағайындалған дәрігерлік емді қолдану барысында күмән туындаған жағдайда , науқас жоқ уақытта, сыпайы түрде, осы жөнінде дәрігермен мән-жайды талқылауы қажет.

*«Медбике – емделушінің туысқандары (және жақындары)» арасындағы қарым-қатынастар:*

Ұстамдылықты, сабырлылықты, тыныштықты және әдептілікті сақтауы қажет;

**Күрделі науқастарды күтушілерге емшара мен манипуляцияларды дұрыс орындау тәртібін түсіндіруі тиіс;**

**Тек өз құзыреті шеңберінде сұхбаттасуы (науқастың сырқаты, болжамы жөнінде әңгімелемей, дәрігерге жолдау) тиіс;**

Қойылған сұрақтарға сабырлы жауап беруі қажет, күрделі науқаста дұрыс күте білу ережелерін шыдамдылықпен үйретуі тиіс.

## **Медициналық этиканың құрамдас бөлігі**

деонтология болып табылады. Бұл жаңа ғылым саласы XIX ғасырдың басында пайда болды (грекше deon - тиісті; logos - ғылым, ілім). Деонтология термині қолданысқа енгеніне аса көп болтан жоқ: өткен ғасырдың басында ағылшын философы И. Бентам оны адамның кәсіби мінез-құлқы туралы ғылымның атауы ретінде ауызға алған.





# Медбикелік этика және деонтологияның негізгі принциптері.

Әділдік

Адалдық

Рақымдылық

Адамгершілік

Қайырымдылық

Қамқорлық

Қайғысына  
ортақтасу

Еңбекқор

Кішіпейілділік

# МЕДИЦИНАЛЫҚ ЭТИКАНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЕРЕЖЕСІ:

- • Стационарда және бөлімде жұмыс тәртіпті болу керек. Субординацияны, яғни кіші медицина қызметкерінің жоғарғы медицина қызметкеріне деген қатынасын сақтау керек.
- Медицина қызметкері науқасқа деген қатынасы тұрақты болу қажет

Госпитализм-пациенттің саулығына аурухана мекемесін теріс қайшы әсер етуі. Науқасқа медбике аурухана ережелеріне Үйренбеген жағдайда қиындыққа тап болмас үшін бөлімдегі Медбике моральдық психологиялық жағдайлар туғызып отыруы қажет.

# *И. Харди бойынша мейірбикелердің түрлері*



Венгриялық психолог И.Харди мейірбикелердің 6 түрін зерттеді. Олар:

1. Рутинер мейірбике
2. Әртіс мейірбике
3. Ашушаң мейірбике
4. Күшті, ер адамға ұқсас мейірбике
5. Анаға ұқсас мейірбике
6. Маман мейірбике



1. Рутинер мейірбике – машина немесе робот сияқты ештеңеге қарамастан өз жұмысын бітіріп кете береді, ол қарым – қатынас дағдыларын ескерместен жұмысын жасай беретін адам. Жұмысының нәтижесі көрінбейтін болса да машина секілді тоқтамастан тарсылдатып жұмыс жасай береді

2. Әртіс мейірбике – жұмыстағы рөлін жақсы ойнайды, өтірік мейірімділік танытып, елге жаға біледі, қулықпен, алдап жүреді. Керекті жерде өз рөлін өзгертіп шыға келеді. Жасанды қылықтар істейді.

3. Ащушаң мейірбике- қозғыш, қатал, дөрекі, ащушаң, ұрысқақ, эмоциясын тез көрсететін тип түрі.

- 4. *Күшті, ер адамға ұқсас мейірбике-өзіне сенімді, кішкене тәртіп бұзылса ескерту жасап, қатал қарайды, жақсы ұйымдастырушы, үйретуші, шыншыл болып келеді. Тік мінезді, агрессивті, дөрекі сөйлеуі мүмкін.*
  
- 5. *Анаға ұсқас мейірбике- мейірімді, басқалардың қайғысын бөлісе білетін, науқасқа өз баласындай қарап, қамқорлық танытатын, өте мейірімді, адамгершілігі мол, жақсы жан. Палатаға кіргенін де байқатпайды өте жұмсақ, көбіне толық болып кездеседі.*
  
- 6. *Маман –мейірбике. Нағыз маман иесі, өз өмірін мамандығы үшін құрбан етуге дайын, мейірбикенің түрі- өте жауапты, мамндығын жақсы құрметтейтін және сүйетін мейірбике.*





# Ятрогенді аурулар

**Ятрогенді ауру** – медицина қызметкерінің сөзінен, ісінен пайда болатын ауру. Ол медициналық қызметкерлердің теріс түсіндірген сөзінен немесе мінез - құлқынан шығады. Кіші мейірбике немесе техникалық қызметкерлердің сырқатқа зерттеу нәтижесін қате болжап, айтып берген жағдайда да кездеседі. Сөз науқасты емдеп қана қоймайды, оны жаралауы да мүмкін екендігін мейірбике жанында ұстап, науқас көзінше түсініксіз терминдерді айтпауға тырысу керек.

***Ятрогенді аурулардың себептеріне:***

- жалпы және медициналық мәдениетінің жетіспейтіндігі;
- асығысты, науқастың ыңғайсыз диагнозын болжау;
- зерттеу нәтижесін дұрыс түсіндірмеу жатады;
- кез келген ауру жағдайында мейірбике науқастың психикасын бұзбауға тиіс;

**Субординация** – қызметіне қарай бір-біріне бағыну.

Мейірбике дәрігердің бірінші көмекшісі. Дәрігерге қарағанда мейірбикелер жұмыс кезінде көп уақытын науқастармен өткізеді. Мейірбикелер науқастың көңіл –күйін, қорқыныш-уайымын, жасалып жатқан емнің түрлерін жақсы біледі. Емнің ең басты мақсаты – дәрігердің, мейірбикенің, науқастардың сеніміне кіруі мен олардың талабына сай келуі.





”” ““



Р

Е

Б

У

“



”

“



С



”



”

*“Медициналық этика, деонтология және биоэтика. Медбике Ісіндегі қарым-қатынас.” тақырыбы бойынша сұрақтар:*

1. Мейірбикенің 6 түрін зерттеген Венгриялық ғалым кім?
2. Дәрігерден кейінгі орта буын маман иесі....
3. Қызметтеріне қарай бір-біріне бағыну қалай аталады?
4. Медицина қызметкерінің сөзінен, ісінен пайда болатын ауру?
5. Қозғыш, қатал, дөрекі, ашушаң, ұрысқақ, эмоциясын тез көрсететін мейірбике?
6. XIX ғасырдың басында пайда болған ғылым?
7. **1969** жылы В.Р.Поттер қандай термин енгізді?
8. Медициналық этика және деонтологияның неше принципі бар?
9. Өз өмірін мамандығы үшін құрбан етуге дайын, жауапты мейірбикенің түрі?
10. Науқастың саулығына аурухана мекемесінің әсер етуі қалай аталады?



**Назарларыңызға  
рахмет!!!**